

Астана қаласы әкімдігінің «Дінмұхамед Қонаев атындағы №66 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК

«Келісемін»

Мектеп директорының тәрбие жұмысы
жөніндегі орынбасарлары
_____ Б. Нуртазина
_____ Т.Бейсекова
«__» ____ 2023 ж.

«Бекітемін»

«Д.Қонаев атындағы № 66 мектеп-лицей» директоры
_____ Н.Омарова
«__» ____ 2023 ж.

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру
бойынша**

2023-2024 оқу жылына арналған

СЫНЫП ЖЕТЕКШІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ

/1-4 сынып аралығы/

Педагогикалық кеңесте қаралды. Хаттама №1, 31 тамыз, 2023 жыл

Жоспарлау: Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту министрлігінің Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру үйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы 2023 жыл 19 қыркүйектегі №294 бүйрігінде сәйкес, Ы.Алтынсарин атындағы Үлттүк білім академиясының «Қазақстан Республикасының орта білім беру үйымдарында оқу-тәрбие процесін үйымдастырудың 2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хатына сәйкес жасалды.

2023 ж

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Өскелен жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәнгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен занды мұдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру үйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанның құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру үйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сінірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сінірген еңбеккор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсietін тындауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуга, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбеккорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, нағысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастырын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-қүйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мұддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам иглілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл жәненамысшыл
- Мемлекеттік рәміздердің қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптеиді

- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адаптация болу;
- Халқына адаптация қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу жәнежаупкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анаына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарының лайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрметкөрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және команда мен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануғақштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтынұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды үлгерілету;
- Дауыс қарым-қатынас орнатады;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайтын;
- Дауыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайтын;

- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденимпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туганнан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесіндегі:

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің ұлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;

- балабақшада түскі (үйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуендей әндер) тындалу, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастырын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сыйып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насиҳаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15

жас) Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;

- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;

- ақын-жыраулар және ұлт зиялышараларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;

- тарихи, деректі фильмдерді талдау;

- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насиҳаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;

- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындастырып апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;

- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;

- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастырын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінүіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын етуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

- ұлттың тарихи сана-сезімін жанғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере

отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды занға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарau рухында тәрбиелеуге;

- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (менгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жүртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастырының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да занды өкілдерге) арналған консультациялар);

- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

Ескерту: Біртұтас тәрбие бағдарламасы шенберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылған мақсат, міндеттер мен мазмұнын сақтай отырып, өнірдегі жергілікті ерекшеліктерді ескеру маңызды.

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар:

- Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі;
- Қазақстан халқы Ассамблеясы

Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері.

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (мемлекетшілдік)

Казақстан мемлекеттілігін
нұғайтуға атсалысу

Казақстанның онтайлы
имиджін қалыптастыруға
белсенді үлес косу

Ұлттық мұрага үқыпты қараша

Казақ тілінің колдану
ағын көңейті

Казақстан мүддесіне
қызмет етуге үмтүлу

Қоғам ігілігі үшін
қызмет ету

Казақстанның
қауіпсіздігін қамтамасыз
етуге дайын болу

Ұлттық мәдениетті
даріртеу

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

- ✓ Отанышыл, мемлекетшіл және
намысышыл
- ✓ Мемлекеттік рәміздерді
қадрлайды
- ✓ Елінің тарихын құрметтейді

- ✓ Ұлттық миравсты, мәдениетті
дәрілтейді
- ✓ Құқықтық және экологиялық
мәдениеті жогары бағалайды

11

АР-ҮЯТ

Академиялық адалдық
қағидатын колдау

Адал енбекті құрметтеу

Сөзіне берік, ісіне адал болу

Отбасының, өз отасының
абырайон ассыру

Халқына адал қызмет ету

Әдеп нормаларын үстану

Шешім қабылдай білу және
жауапкершілікті сезіну

Достарына,
сыныптастарына, отбасы
мүшелеріне қамқор болу,
мейірімділік таныту

Өзін отбасының,
сыныптың, мектептің,
когамның, Отаның бір
мүшесі екенін сезіну

- ✓ Ар-үят, адалдықты жогары
бағалайды
- ✓ Сөзіне берік, ісіне
жауапкершілік танытады
- ✓ Ата-анасына сүйіспеншілікпен
қарайады

12

АР-ҮЯТ

- ✓ Сыни және креативті ойлау
- ✓ Технологиялық және
цифрилік дағдыларды
ілгерілету
- ✓ Салауатты өмір салтын
үстану
- ✓ Жеке және командамен
жұмыс істей білу
- ✓ Білуге, жаһаны тануға
құштар болу
- ✓ Дұрыс қарым-қатынас
орната білу
- ✓ Физикалық белсенді болу
- ✓ Уақыт пен каржыны
тиімді жоспарлауды

ТАЛАП

- ✓ Жан мен тән тазалығын
сақтайады
- ✓ Ақпараттық, медиа және
қаржылық саяттылық
- ✓ Дұрыс тамақтану мәдениетін
түсінеді
- ✓ Қоршаган орта тазалығын
сақтайады
- ✓ Әзденімпаз, жасампаз тұлға

13

«Еңбекі адаптацияның мәртебесін көтеруге, еңбек күлтін дәріптеуге бағытталады. Жоба шеберінде білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтауға қолдау көрсетуді, өз міндегін адаптацияның және жауапкершілікпен атқаруға баулуды және еңбек адамын құрметтеуге үйретуді көздейді.

Адал еңбек пен еңбекқорлық мәдениетін кеңінен насыхаттау мақсатында «Еңбекі адаптацияның мәртебесін көтеруге, еңбек күлтін дәріптеуге бағытталады. Жоба шеберінде білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтауға қолдау көрсетуді, өз міндегін адаптацияның және жауапкершілікпен атқаруға баулуды және еңбек адамын құрметтеуге үйретуді көздейді.

Жоба еңбек адамының мәртебесін көтеруге, еңбек күлтін дәріптеуге бағытталады. Жоба шеберінде білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтауға қолдау көрсетуді, өз міндегін адаптацияның және жауапкершілікпен атқаруға баулуды және еңбек адамын құрметтеуге үйретуді көздейді.

Білім алушыларға өзіне жүктелген міндегі орындау үшін барын салып еңбек ететін білікті маман нағыз еңбек адамы екендігін дәріптеуді қажет етеді. Нағыз еңбек адамы әр ісіне, әр қадамына жауапкершілікпен қарайтын, өзегінің еңбекін бағалайтын адаптацияның түсіндіру қажет.

Жоба шеберінде атқарылатын іс-шаралар мазмұнында білім алушыларға өз уақытын дұрыс, тиімді жоспарлау, қаржылық сауаттылық, шешім қабылдау, мақсатты әрекет ету дағдыларын дамытуға бағытталуы қажет. Жас ұрпақтың бойында еңбекқорлықтың арқасында жетістікке жеткен адамдардың беделін арттыру арқылы еңбекке деген сүйіспеншілікті қалыптастыруды және қоғамдағы әлеуметтік инфанилизмді азайтуды, өмірде табандылықпен жетістікке жеткен табысты адамдардың үлгі-өнегелерін құруды көздейді.

Бүгінде білім алушыларды еңбекті құрметтеуге баулу компьютерлік ойындарға деген құмарлықты, жалқаулықты жеңуге, лудомания дертін азайтуға ықпал етеді.

Ұлы Абай: «Еңбек - қуаныш, жалқаулық - айырылmas азап» деген. Еңбек пен адам бір-бірінен бөлінбейді. Еңбек адамды жануарлар әлемінен жоғары деңгейге көтерді, оның физикалық дамуына ғана емес, ақыл-ойы мен рухани дамуына да ықпал жасайды.

Еңбек адамының тұлға ретінде қалыптасуы, оның өзін-өзі анықтауы, өмір бойы бүкіл қоршаған әлемді біртіндеп танумен байланысты.

Қазіргі әлемдегі мектепте де еңбекке баулу мәселелері өзектілігін жоғалтқан жоқ. Соған байланысты бүгінгі танда қоғамда ғылымның заманауи жетістіктері мен ұлттық дәстүрлерін ескере отырып, еңбек тәрбиесін жаңарту қажеттілігі туралы мәселе туындаиды.

А) Еңбек тәрбиесі және кәсіби өзін-өзі анықтау:

- балалар мен жастардың еңбекке және еңбек адамдарына, еңбек жетістіктеріне деген құрмет сезімін тәрбиелеу;
- өзін-өзі қызмет ету дағдыларын, еңбек ету қажеттілігін, әр түрлі еңбек қызмет түрлеріне, соның ішінде оқу мен үй шаруасындағы міндегтерге саналы жауапкершілікті және шығармашылық қатынасты қалыптастыру;

- өз іс-әрекеттерінің мағынасы мен салдарын дұрыс бағалай отырып, қажетті ресурстарды жұмылдыра отырып, ұжымдық жұмыс дағдыларын, өз бетінше жұмыс жасау қабілетін дамыту;
- мамандықты мақсатты таңдау үшін балалар мен жастарды әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға тарта отырып, көсіби өзін-өзі анықтауға ықпал ету арқылы жүзеге асады.

Ә) Бастамашылдық пен кәсіпкерлікке баулу

Дәстүрлі еңбек қызметінен басқа, қатысуышылар кәсіпкерлік негіздерімен танысады, өздерінің шағын жобаларын іске асырады және командалық дағдыларын дамыту арқылы бастамашылдық пен кәсіпкерлікке баулуга болады.

Б) Әлеуметтік жауапкершілік

Білім алушыларды қарттарға көмек көрсету, аумақтарды абаттандыру және экологиялық акциялар сияқты әлеуметтік маңызды іс-шараларға тарту арқылы олардың әлеуметтік жауапкершілігі арттыруға болады.

В) Өзін-өзі дамыту мәдениетін насиҳаттау.

Білімнің, іскерліктің және дағдылардың жаңа салаларын өз бетінше зерттеуге қызығушылықты ынталандыру, сондай-ақ үздіксіз білім беру мәдениетін дамыту.

Г) Ата-аналар мен қоғамды тарту

Ұрпақтар арасындағы диалогты қалыптастыруға жәрдемдесу, сондай-ақ ересектер мен жастар арасында тәжірибе мен білім алmasы платформасын құру.

Жалпы, «Еңбегі адал жас өрен» жобасы жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, еңбектің маңыздылығын мойындау және жастардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру үшін жағдай жасау міндеттейді.

Жобаны жүзеге асыру үшін білім алушыларға өзі тұратын ауылдағы, қаладағы табысты еңбек азаматтарымен бірлескен шеберлік сағаттарын, қолөнершілер фестивальдерін, кәсіптік бағдар берудің ғылыми жобаларын, конкурстарын және өңірдегі өндірістік орындар мен кәсіпорындарда тәжірибе аландарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету қажет.

«Ұрпаққа аманат» жобасы

Мемлекетшілдік пен отаншылдық идеясын қеңінен насиҳаттау мақсатында «Ұрпаққа аманат» жобасы жүзеге асырылады.

Жоба ұлттық мұдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дәріптеуге тұғыр болады. Бұл – адамның туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілігін, қоғам игілігіне адал қызмет етуге баулитын жоба.

«Ұрпаққа аманат» жобасы балалар мен жасөспірімдерді туған жер, атамекен, Отан деген қасиетті ұғымдармен

сабақтастыру маңызды. Атамекен – бұл ата қоныс. Атамекенін, туып, өскен елін, жерін жан-тәнімен сақтау, ата-бабадан қалған атамекен жерімізге иелік ету, ұрпаққа аманат екенін түсіндіру.

Өскелен ұрпақты «Мен қазақпын» деп аса мақтаныш сезіммен айтуға жетелей отырып, олардың өмір-тәжірибесіне еркіндік, бабалар ерлігі, ұлыларды ұлықтау, береке, ата-баба дәстүрі, әдет-ғұрып т.б дәріптеуді жүйелі енгізу қажет.

Мемлекет басшысы ағымдағы жылдың маусым айында Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде «...Қазақтың тағы бір ерекшелігі – көне дәуірден бері келе жатқан өмір салты. Өзге елдер бізді көшпендейлердің ұрпағы ретінде біледі. Бұл да – халқымыздың басты брендінің бірі...», - деген болатын. Демек, білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысында ұлттық құндылықтарымызды дарыту көшпендейлер өркениетінің мәдениетімен сабақтасады. Ұлттық тәрбие тамыры алып Ер Тоңғаның «Ақи немесе жомарттық», әл-Фарабидің парасатты адам, Жұсіп Баласағұнидің «Құтты білік», Яссайдің хәл туралы, Абай Құнанбаевтың «Толық адам», Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ар-ұждан» ілімдерінде және басқа да қазақ халқының ағартушыларының еңбектерінде үздіксіз жалғасып келді.

Демек, қазіргі таңда біздің алдымында көшпелі өркениеттің терең және бірегей мәдениетіне ену және оның құндылықтарын брендинг арқылы қалай жеткізуге болатынын түсіну міндеті тұр.

Ең алдымен, брендингтің не екеніне тоқтала кетейік. Брендинг жай ғана имидж немесе бренд жасау шеңберіне қарағанда ауқымды. Брендинг – танымал және мағыналы символ жасау өнері. Бұл символ терең мағынаға ие әрі негізгі құндылықтарды, мәдени және тарихи мұраны бейнелейді.

Көшпендейлер өркениетінің брендингі – ұлттық тәрбиенің басты құралына айналуы тиіс. Ол ұлттық идеяның негізгі өзегі, ұлт сапасын арттыратын және тарихи сананы жаңғыртатын басты факторлардың бірі. Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, өнері, күйлері, жырлары, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген сезім. Ол – ұлттың болмысын, психологиялық өзіндік ерекшелігін түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан көшпендейлер өркениетін брендингілеу маңызды.

Көшпендейлер өркениетін брендингілеу құндылықтарды айқындаудан басталады. Осы тұрғыда қазақ халқының «ұят болады, жаман болады, обал болады» ұлттық тәрбиесінің негізгі феномені екендігін ескеру қажет. Бұл тәрбиенің қайнар ғұлағы, ал, *ар*, *ұят*, *намыс* қасиеттері баланың бойында адамилықты қалыптастырудың арқа сүйер құндылығы. Сондықтан да көшпендейлер өркениетін тарихи артефакт ретінде емес, қазіргі білім беру контекстіне бейімделуге және түсіндіруге болатын ұлттық болмысымыз ретінде қарастыру қажет.

Сонымен қатар, көшпендейлерге тән қасиеттер еркіндік, табиғатпен үйлесімділік және өзгерістерге жылдам

бейімделу қабілеті. Яғни бұл номадтардың бойындағы ең басты қасиеттер. Бұл «номадтар тек мал бағып, малды жайлауға қажетті жерді іздең көшіп-қонып жүрген» деген ойлан аулақ болуымызға басты шарт. Себебі, олар мобиЛЬДІ, әрқашан қозғалуға дайын, бір жерге байланбаған. Тез өзгеретін жағдайларға – климатқа, рельефке немесе сыртқы қауіптерге жылдам бейімделген. Ең бастысы, олар табиғатқа деген терең құрметке ие болған және бұл олардың шешімдері мен өмір салтын анықтауға ықпал еткен.

Табиғатпен үйлесімділік, әр қадам, әр шешім қоршаған әлеммен өзара әрекеттесуге негізделген. Бұл тәрбие жұмысын ұйымдастырудың білім алушыларды табиғатпен етене жақын етіп тәрбиелеуге бағытталуы қажеттігін көрсетеді. Демек, білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жобалардың көптеген түрлерін қолданысқа енгізуі қолға алуға керектігін көрсетеді. Мысалы: «Таза аула», «Жасыл мектеп», «Эковолонтерлер», «Экологиялық мониторинг», «Экологиялық туризм», «Ұнемді тұтыну», «Қалдық заттарға екінші өмір сыйла», «Мектептегі энергияны ұнемдеу», «Судың да ұрауы бар», т.б.

Көшпендейтерге тән тағы бір ерекшелік табиғат жағдайларына тез бейімделу. Демек, қазіргі BANI әлемге сай шешімдер қабылдау, сыни ойлау қасиеттерінің біздің тарихи қалыптасуымыздан бері жалғасып келе жатқан түйінді құзіреттіліктердің бірі екендігін көрсетеді. Бұл номадтан knowmads-қа дейінгі сабактасты түсінуге ықпал етеді.

Білім беру ұйымдарында көшпендейтер өркениетін брэндингілеуді іске асыру тетіктері:

- «Тарих беттерінен», «Менің өлкемде көшпендейтер мәдениетінен қалған із», «Көшпендейтер өркениетінің мұрагерлері» және т.б. іс-шаралар ұйымдастыру;
- Бұл жоба көшпелі халықтардың тарихын, олардың мәдениеті мен өмір салтын зерттеуді және қазіргі заман талабына сай қалай жаңғыртуды дәріптейтін идеяларды жүзеге асыруға қолдау көрсетеді. Жоба шенберінде ұлттық болмысымызға тән қасиеттерді, игі істерді балалар мен жасөспірімдер ортасында танымал әлеуметтік желілер арқылы ұлттың рухын және ата-бабадан қалған мирастарды заман талабына сай жаңғыртуды насихаттау;
- Тұған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын танитын, дәстүрді білетін, оны сақтайтын, ұлттық мәдениетін менгерген және оны болашаққа дәріптейтін тұлға қалыптасуына ықпал ететін «Ұрпаққа аманат» жобасы шенберінде көшпелі өркениетпен байланысты мұражайларға, тарихи орындарға баруды ұйымдастыру.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтық пен мемлекеттілікке ерте тәрбиелеу мақсатында жүзеге асырылады.

Жоба құқықтық сананы, құқықтық қатынастарды, белсенді заңды мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін, құқықтық мәдениетті қалыптастыратын адамға мақсатты, ұйымдастын және жүйелі әсер етуді көздейді.

Жоба шеңберінде «Жеке қауіпсіздік», «Буллингке қарсы тұру мәдениеті» шараларымен қатар келесі мәселелерге назар аудару қажет:

А) Елінің тарихы мен дәстүрлеріне құрмет: Елдің мәдени мұрасын, тарихи оқиғалары мен жетістіктерін зерттеу және құрметтеу. Ата-бабамыздың ұлт дамуына қосқан үлесін бағалау.

Ә) Зандарды сақтау және басқалардың құқықтарын құрметтеу: Ата Занды, елінің, білім беру үйіміның зандары мен кодексін білу, оларды сақтау және өз құқықтары мен айналасындағылардың құқықтарын қорғауды үйрену.

Б) Әлеуметтік және қоғамдық өмірге қатысу:

- азаматтық жауапкершілік сезімін қалыптастыруға ықпал ететін мектеп және қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысу;
- адамдарға деген құрмет көрсету, өзгелердің сөзін бөлмеу, мазақ етуден, қорлаудан және дөрекіліктен аулақ болу.

В) Табиғи ресурстар мен мәдени мұраға ұқыпты қарau: Табиғи және мәдени ресурстардың елдің болашағы үшін маңыздылығын түсіну және оларды сақтау үшін қолдан келгеннің бәрін жасау.

Г) Құқық және азаматтық саласындағы өзін-өзі тәрбиелеу: Өзекті мәселелер мен оқиғалардан хабардар болу үшін құқық, тарих және мәдениет туралы материалдарды үнемі таныс болу, оқып отыру.

Д) Құрдастар арасында патриоттық құндылықтарды насихаттау:

- өз білімдері мен сенімдерін достарымен және сыныптастарымен бөлісу, оларды азаматтық өмірге белсенді қатысуға шабыттандыру;
- қауіпсіз мінез-құлық және қауіпсіз жайлы орта құруға белсенділік таныту, іс-шараларда және жұмыс кеңістігінде қауіпсіздік ережелерін сақтау, айналасына зиян келтіруі немесе ынғайсыздық тудыруы мүмкін физикалық байланыстан аулақ болу.

Е) Өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарau: Ата-ана, қоғам және Отан алдындағы міндеттерін түсіну, оларды

жауапкершілікпен орындауға ұмтылу; өзінің сөздері мен іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті қабылдау, өзгенің пікірін құрметтеу, туындаған қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге талпыну арқылы жүзеге асыру.

Жалпы жоба шеңберінде ынтымақтастық орната білу, құрдастарының идеялары мен ұсыныстарын құрметтей отырып, топта жұмыс істей алу, ортақ мақсаттарға жету үшін ымыраға келу, ресурстарды ұқыптылықпен пайдалану, өзгенің көзқарастарына құрметпен қарау.

Бұл жоба азаматтық білім берудің, елдің заңдары мен мәдениетін құрметтеудің және жастардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуының маңыздылығын көрсетеді.

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы сапалы ұлт болашағын қалыптастырудың жеке тұлғаның салауатты өмір салтын ұстану мәдениетін арттыру, дene шынықтыруды кеңінен насхаттау мақсатында жүргізіледі.

Жоба аясында келесідей міндеттер іске асырылады:

- Білім алушыларды дene шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту;
- Білім алушылар арасында бұқаралық және ұлттық спорт түрлерін танымал ету, спортта дарынды балаларды анықтау.
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, гүлама ғалым Мәшіүр Жүсіп Көпеевтің «Денсаулықтың 6 шарты» қағидатын ұстану (таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш үйқы, көтерінкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу) ұсынылады.

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының тұган күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшил, ғұлама Қожа Ахмет Ясаудің тұганына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX гасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазуышы Оралхан Бөкейдің тұганына 80 жыл

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МУДДЕ (ОТАН)

№	Іс-шараның атауы, жоба түрі	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Өту мерзімі	Білім беру үйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы
1	1 қыркүйек - білім күні «Кел, балалар, оқылық!» «Мен өз елімнің патриотымын!»	1-4 сыныптар	Салтанатты жиын және сынып сағаттары	«Білімге ұмтылу, Еңбек сүйіштік және Отаншылдық», «Мениң сүйікті мектебім», «Мениң алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_qunі хэштегі	1 қыркүйек	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру үйимдары
2	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?»	1-4 сыныптар	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы		4 қыркүйек	ҚР Ішкі істер министрлігі, жол полициясы

3	Отбасы – бақыт мекені ({«Ата-аналар Мектебі»})	1-4 сыныптар	Ата-ана сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	11 қыркүйек	ҚР Оқу- ағарту министрлігін е қарасты білім беру үйымдары
4	«Мен өз елімнің адал азаматы боламын» ({«Еңбегі адал жас өрен» жобасы})	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	18 қыркүйек	ҚР Әділет министрлігі
5	«Адамдық борышын...» /Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Кудайбердіұлының туғанына 165 жыл/ («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	25 қыркүйек	ҚР Оқу- ағарту министрлігіне қарасты білім беру үйымд ары

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

- 1 қазан – Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сінірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туганына
145 жыл
- Алаш жүрттының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклорши, гүлама ғалым Мәшиүр - Жүсін Көпееевтің туганына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихиы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туганына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсілбек Аймауытовтың туганына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жүлдөзі Магжан Жұмабаевтың туганына 130 жыл
- Қазақ халқының XX гасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туганына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туганына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы, жоба түрі	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Оту мерзімі	Білім беру үйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы
1	«Ұстаз –мектеп жүргөрі» ({«Оқуға құштар мектеп» жобасы})	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	2 қазан	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру үйымдары
2	«Ұлы даала перзентімін» ({«Еңбегі адаптациялық өрен» жобасы})	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	9 қазан	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру үйымдары
3	«Бес нәрсеге асық бол...» ({«Жеткінишектің Жемі Жарғысы»})	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	16 қазан	ҚР Әділет министрлігі
4	«Менің Отаным – Қазақстан» 25-қазан Республика күні	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	23 қазан	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру үйымдары

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МУДДЕ (ОТАН

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы, жоба түрі	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Өту мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы
1	«Әкеге – ізет, анаға – құрмет» <i>(«Еңбегі адап жасағынан өткізу» жобасы)</i>	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	6 қараша	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары
2	«Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі» <i>(«Еңбегі адап жасағынан өткізу» жобасы)</i>	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	13 қараша	ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі
3	Ы. Алтынсариннің әңгімелері, А.Байтұрсыновтың шығармаларына шолу	1-4 сыныптар	«Оқуға құштар мектеп» жобасы	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	20 қараша	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары
4	Bілімділер бәйгесі	1-4 сыныптар	Зияткерлік сайыс сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	27 қараша	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

- 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы
- ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МУДДЕ (ОТАН)

№	Іс-шараның атауы, жоба түрі	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Өту мерзімі	Білім беру үйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы
1	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» («Төгөз айға тоғызы шара» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	4 желтоқсан	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру үйымдары
2	«Көк тудың желбірегені» («Жеткіншектің Жетің жарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	11 желтоқсан	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру үйымдары
3	Дүрыс тамақтану әліппесі	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	18 желтоқсан	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру үйымдары
4	«Қош келдің, Жаңа жыл -2024 »	1-4 сыныптар	Мерекелік кеш	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	25 желтоқсан	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру үйымдары

ҚАНТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ *Кысқы демалыс*

➤ **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МУДДЕ (ОТАН)**

№	Іс-шараның атауы, жоба түрі	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Өту мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы
1	«Мен оқыған бір ертегі» ({«Оқуға құштар мектеп» жобасы})	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	8 қантар	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары
2	Тәрбие көзі – салт дәстүр	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	15 қантар	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары
3	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» ({«Ұлттық мектеп лигасы»})	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	22 қантар	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары
4	«Атадан-өсиет, анадан-қасиет» (тыйым сөздердің мағынасы)	1-4 сыныптар	Ата-ана сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	29 қантар	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

➤ ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МУДДЕ (ОТАН)

№	Іс-шараның атауы, жоба түрі	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Өту мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы
1	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы»	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	5 ақпан	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары
2	«Үйрен жақсы әдептен...» /ата-ана шақыру/ («Ата-аналар мектебі»)	1-4 сыныптар	Ата-ана сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	12 ақпан	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары
3	«Менің құқығым мен міндетім» («Жеткіншектің Жетің жарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	19 ақпан	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары
4	Кітап оқудың пайдасы Менің сүйікті кітабым («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	1-4 сыныптар	Танымдық сағат	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	26 ақпан	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Өту мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы
1	«Ана – өмірдің шуағы» ({«Ата-аналар мектебі»})	1-11 сыныптар	Ата-ана сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	4 наурыз	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары
2	«Менің қызығушылығым – менің бизнесім» /мектепшілік жәрмеңке/	1-4 сыныптар	Шығармашылық сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	11 наурыз	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары
3	«Қош келдің, әз Наурыз!»	1-4 сыныптар	Мерекелік сазды-бағдарлама	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	18 наурыз	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары

СӘУІР- ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір - Фылым күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Өту мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы
1	«Табиғат тамашалары» сурет көрмесі («Еңбегі адап жаса өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	Шығармашылық сафат	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	1 сәуір	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қаасты білім беру ұйымдары
2	«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» («Ата-аналар мектебі»)	1-4 сыныптар	Жоба қорғау /Фото альбом, қабырға газеті, слайд-презентация т.б./	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	8 сәуір	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қаасты білім беру ұйымдары
3	«Эко бұйым» жасау («Еңбегі адап жаса өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	15 сәуір	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қаасты білім беру ұйымдары
4	Достық. Сыйластық. Адамгершілік	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	22 сәуір	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қаасты білім беру ұйымдары

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси құғын-сурғін және ашарышылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихиы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туганына 165 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Өту мерзімі	Білім беру үйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы
1	«Үлттар достастығы»	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	29 сәуір	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру үйимдары
2	«Ер – ел қорғаны» Отанқорғаушылар күні	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	6 мамыр	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру үйимдары
3	Денсаулық – зор байлық	1-4 сыныптар	Зияткерлік сайыс	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	13 мамыр	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру үйимдары
4	Менің жетістігім – мектебімнің мерейі	1-4 сыныптар	Мараттаяу сағаты	Сынып сағатының жоспары,	20 мамыр	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім

			анықтамасы		беру ұйымдары
--	--	--	------------	--	------------------

Тамаша марафон 

3-11 сынып жетекшілері! Марафон ережесімен мұқият таныс болыңыздар. Мына сілтемені оқушыларыңызға жіберіңіздер. whatsapp жоқ бала болса, ата-анасының whatsapp нөмірін қалдыруға болады. Сілтемені оқушы толтыра алмаса, орнына ата-анасы толтырын. 15 қыркүйекке дейін үлгеріңіздер. Бағалы сыйлықтар беріледі.